



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«ТÁŃIRLIK KÚNTIZBE» мен «MERCURY»
коллекциялық монеталары сатуға шығарылатыны туралы

Астана қ.

2026 жылғы 18 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі «Сиқырлы нышандар» сериясынан «ТÁŃIRLIK KÚNTIZBE» мен «Күн жүйесінің планеталары» сериясынан «MERCURY» коллекциялық күміс монеталары **2026 жылғы 20 ақпаннан бастап** ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылатынын хабарлайды.

«ТÁŃIRLIK KÚNTIZBE» монетасы күмістен соғылған, сынамасы – 925. Монетаның салмағы 100 грамм, диаметрі 50 мм, дайындау сапасы – antique silver, номиналы – 1000 теңгелік, таралымы – 500 (бес жүз) дана.

Толық ақпарат [баспасөз релизінде](#) берілген.

«ТÁŃIRLIK KÚNTIZBE» монетасының бейнесі



«MERCURY» монетасы да 925 сынамалы күмістен соғылған. Алтын жалату технологиясы қолданылған монетада тантал қондырмасы да бар. Монетаның салмағы 35 грамм, диаметрі 38,61 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңгелік, таралымы – 1000 (бір мың) дана.

Толық ақпарат [баспасөз релизінде](#) берілген.

«MERCURY» монетасының бейнесі



Коллекциялық монета Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz